Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау". (еңбек, танымдық, зерттеу іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету, шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту; ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. (танымдық, шығармалыштық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балалардың бойынша патриоттық сезімді тәрбиелеу; ән айту дағдыларын қалыптастыру.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыншықтар мен материалдардың тәртібі". (танымдық іс-әрекет, зерттеу, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, әр заттың өз орны жайындағы түсініктерін нығайту, істі аяғына дейін жасауға тәрбиелеу. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтап, сапалары мен қасиеттерін біліп, күтім жасау, жинақтау әдісін таңдауға үйрету; жұмыс мазмұнын құра білу қабілетін жетілдіру. "Заттарды пазл ішіне орналастыру" үстел үсті ойыны. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. Тұтас бейнені ұсақ бөлшектерден құрастыруды, қоршаған әлем жайында түсініктерді, қағаз бітен бағдарлауды жетілдіру. Балалардың танымдық қабілеттерін, зейіндерін дамыту. "Қарама-қарсы сөздер" жаттығуы.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Асхана бойынша кезекшілік". (танымдық, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шамасы келетін еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелге ыдысты дұрыс қою. Топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, еңбек нәтижесіне құрметпен қарауға баулу. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Еңбектің наны тәтті» Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. (шығармашылық іс-әрекеті)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп" (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяккиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымда тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек іс-әрекеті) «Мақсатшылдық – іскерлік». "Үйренгім келді – жасадым" жаттығуы. (қарым-қатынас, зерттеу, шығармашылық іс-әрекеттері) Мақсат-міндеттері. Болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, өзінің іс-әрекетіне қатысты басқалардың пікірін дұрыс қабылдауға; бастаған ісін аяғына жеткізуге, өз ісіне адал болуға, оны бағалай білуге тәрбиелеу. Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. (шығармашылық іс-әрекет)	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттер. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйрету. Ниеттеніп еңбектенуге тәрбиелеу, ересектерге көмектесу. (еңбек іс-әрекеті) Санамақ айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ өнеріне баулу. «Тордағы құс» саусақ жаттығуы. Обал жасап құстарға, Торға қамап ұстама! Құс боп неге жаралды, Еркін самғап ұшпаса? (Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізіп, құстың торын жаса. Қолдарын айқастырып, қолың қанатын жасайды) Салт-дәстүр (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі) Аналар, әжелер қазақ халқының ұлттық тағамдарының жасалу жолымен балаларды таныстырып, танымдық білімдерін жетілдіреді.

	«Жіпті орау» музыкалық-дидактикалық ойыны. (музыка) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, әуеннің аяқталуын сезіне білуге үйрету. Ойынның көрнекілігі: түрлі-түсті жіптер. Ойынның шарты: 2 топтан 2 бала шығады. Тарқатылған түрлі-түсті жіпті көңілді әуенді тыңдап тұрып орай бастайды. Музыка аяқталғанда қай баланың жібі көп оралса, сол бала жеңімпаз атанады. Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, екі топқа бөлінеміз. Әр топтан екі баладан шығып, көңілді музыканың әуенімен қолдарындағы жіпті орай бастайсыңдар. Қай топтың баласы тез, әрі көп жіп ораса, сол топ жеңіске жетеді. "Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау. Сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. Байланыстыра сөйлеуде, ойыншықтарды, заттарды сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс тандау, сын есімдер мен үстеулерді қолдануға дағдыландыру.	(қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Сөйлегенде антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қорды молайту. – Үлкен – кішкентай, суық – жылы, биік – аласа, қыс – жаз, түнде - күндіз, алыс – жақын, т.б. Дайын бейне пішінін бояу жаттығулары. Қазақ ою-өрнектері. (шығармашылық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояуға баулу. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу. «Ізгіліктің бір ізі – алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)	BilimKids. Медиа. Дамытушы мультфильмдер "Tig tag Junior" "Еру" (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. "Өлі табиғат" ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұңгілері, күн, қар). Жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. «Ойды жалғастыр» ойы-жаттығуы. Анамның көмекшісін. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу.	Мақсат-міндеттер. Суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, түстерді ажырата білуді, бақылау сезімін жетілдіру. Табандылыққа тәрбиелеу. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». «Қауіпсіздік». Ұлттық ойын "Бес тас" (танымдық іс-әрекет, дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау. Ынта мен шығармашылық танытуді қолдау. Санау дағдыларын жетілдіру. Шапшаңдыққа, ептілікке, зеректікке тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін қайталау.	Балалар сөздік қорларын тары, талқан, бидай, жент, диірмен сөздерімен толықтырады. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. "Жаман - жақсы" дидактикалық ойыны. (танымдық, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге баулу. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Ой өрісін кеңейту, тіл мәдениетін жетілдіру. Болашаққа сенімділікке, адалдыққа тәрбиелеу.
--	---	---	---	--	---

[illegible]

	түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2 - тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.	арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2 - тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.	арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2 - тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.	арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2 - тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.	шетіне тигізу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1 - құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Ерте тұрып таңнан, Пісірді апам ақ нан. Кетер емес әлі, Таңдайымнан дәмі. Жесем тоймай қаламын, Әжемді еске аламын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Нан анасы бидаймын, Елге астық сыйлаймын. Дәнім толып піскенде, Қауызыма сыймаймын. Ақ, қарамын, сарымын, Мен өнімді тарымын. Халқым еңбек сіңірсе, Қайтарамын қарымын. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп , Торғайларға тастаңдар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау. Көркемсөз Ей, балалар, балалар, Бар қасиет нанда бар! Тоқаш, бөлке көп болар, Тәттіге жұрт тоқ болар, (мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)

Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Көктем. Аналар мерекесі" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: құстардың қайтып келуі, көктем мезгілі, аналар мерекесі жайында суреттерді, энциклопедияларды қарастыру, 8 наурыз күніне газет, суреттер көрмесін әзірлеу; өлеңдер мен әңгімелерді оқу: М. Жұмабаев "Анама", Ф.Оңғарсынова "Ақ мамам", Ө. Тұрманжанов "Ана", Е. Өтетілеуов «Ата тілегі». "Күй күмбірі": "Кеңес" - халық күйі (орындаған Талған Мұқышев) «Өнегелі»: Өртүрлі халықтардың мәдениеті. Тақырыбы: «Мәдениеттер әлемі». Мақсаты: мәдени әртүрлілікке төзімділік пен құрметті дамыту. Кезекшілік: қоғамға пайдасын тигізуге баулу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру; дербестік пен жауапкершілікке баулу. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) LEGO әлемі: арманымызды бірге құрастырамыз. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған үйірме жұмыстарын жүргізу лево-құрастыру, робототехника, SMART технологиялар және т.б.				
	«Көңіл - күйдің кездесуі» Ойынның мақсат-міндеттері: мейрімділікке, өзгенің көңіл-күйін түсінуге тәрбиелеу. Педагог эмоциялар бейнеленген карточкалардың екі тобын (пиктограммалар) орналастырады және балалардан әртүрлі эмоциялар қалай кездесетінін, жағымды және жағымсыз эмоцияларды елестетуді сұрайды. Тәрбиеші «жағымды» эмоцияны, ал бала «жағымсыз» эмоцияны көрсетеді, содан кейін карточкалардың орнын ауыстырады. Эмоцияларды қалай татуластыруға болатындығы туралы талқылайды. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	Санамақты айту жаттығуы. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға, оларды есте сақтауға баулу. Шешендікке, санамақ айту өнеріне баулу. 10 көлеміндегі санауды жетілдіру. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қадыр Мырза Али	Дидактикалық ойын. "Сөздер тізбегі". (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын байыту, ой шапшаңдығын, зейінін дамыту; өзара жағымды қатынастарды нығайту. Шарты. Педагог балаларға қандай сала туралы сөздерді құрастыратындарын айтады. Осы жағдайда "Отбасы" тақырыбы. Педагог "Отбасы" ұғымына байланысты сөздің бірін айтып, кезекті келесі отырған балаға береді. Сөзді дәл уақытында таба алмаған бала өз өнерін көрсетіп, айыбын өтейді.	«Тек жақсы қасиеттерді ата» Педагог қолына доп алып, балалардың алдына тұрады да, олардың әрқайсысына допты лақтырады. Балалар допты кез-келген «жақсы қасиет» (адалдық, мейірімділік, ұқыптылық) айтылған кезде ғана ұстап алуы тиіс. Бұл жағдайда олар педагогке қарай қадам жасайды. Егер балалар байқаусызда «жаман қасиет» (сарандық, ашуланшақтық) айтылғанда допты ұстап алса, олар артқа бір қадам шегінеді. Педагогке бірінші жеткен бала жеңімпаз болады. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)	Көктем туралы мақал-мәтел жаттау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту; шешендікке баулу, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету. Сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Қысың қарлы болса — Жер семіз. Көктемнің жаңбырлы болса — Дән егіз. Көктемгі әрекет, күзгі берекет. Бір гүл көктем жасай алмайды.
Кестеге сәйкес ҰІӨ	Сауат ашу негіздері [3] дыбысын таныстыру. Мақсат-міндеттері. Өткен дыбыстарды қайталау арқылы еске сақтау қабілетін арттыру. Жаңа [3] дыбысымен таныстыру, сөз, сөйлем құруға	Сауат ашу негіздері [3] дыбысын қайталау. Мақсат-міндеттері. Балаларға [3] дыбысын қайталау. Сөздерге дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру. Байланыстыра сәйлеуді	Математика негіздері "Құстар мен гүлдер патшалағындағы «қосу» және «алу» таңбалары (Бекіту)" Мақсат-міндеттері. Балалардың «қосу» («+»),	Математика негіздері "Көңілді көктем дыбыстары" Мақсат-міндеттері: балаларды жолақтардың көмегімен ұзындықты өлшеп, салыстыруға үйрету. Тіл дамыту	Сауат ашу негіздері С-3 дыбыстары. Мақсат-міндеттері. Балалардың С-3 дыбыстары жайындағы ұғымдарын тиянақтау; сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау:

	дағдыландыру. Артикуляция бойынша дұрыс айтуды үйрету. Дыбыстық талдау жасау, буынға бөлуді, сөздермен сөйлем құрастыруды үйрету. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, әріптің баспа тұрын жазу жолдарын үйрету арқылы таза және сауатты жазуға тәрбиелеу. Қазақ тілі "Білгіштер әлемінің тапсырмалары". Мақсат-міндеттер: дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы түсініктерін тиянақтау; "Денсаулық - зор байлық", "Дені саудың – жаны сау" - деген қағидаларды балалардың бойына сіңіру. Дене тәрбиесі "Фитболмен ойнайық" Мақсат-міндеттер: балаларды бағытсыз ирелендеп жүгіру; жіптің бойымен басына қапшықты қойып, бір жақ жанымен қырындап адымдап жүруге үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Қоршаған әлеммен таныстыру "Дәрілік өсімдіктер" Мақсат-міндеттер: балалардың	үйрету, сөздік қорды молайту. Еске сақтау қабілетін, танымдық дағдыларын дамыту. Дұрыс оқи алуға, әдемі жазуға машықтандыру. Мейірімділікке, жақсылыққа, белсенділікке тәрбиелеу. Математика негіздері Құстар мен гүлдер патшалағындағы "қосу" және "алу" белгілері Мақсат-міндеттері. Балаларды «қосу» (+), «алу» (–) және «тең» (=) белгілерімен таныстыру, қарапайым есептерді құрастырғанда қолдануды үйрету; геометриялық пішіндерді құстардың сыртқы бейнесіне сәйкестендіру дағдыларын жаттықтыру; әртүрлі жағдайда сандар құрамын әртүрлі жолмен табуға дағдыландыру; «он» саны көлеміндегі сандар қатарының құрамын пысықтау; жиын және оның құрамы арасындағы қатынастарды орната білу дағдыларын дамыту. Музыка "Көктем әні керемет" Мақсат-міндеттер: балалардың көктем туралы әннің сипатын ажыратау білу, дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу, музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу, әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білу қабілеттерін жетілдіру. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді	«алу» («– ») және «тең » («=») таң балары туралы түсініктерін бекіту. Балаларға математикалық таң балар туралы түсінік беру, сондай-ақ қарапайым есептерді құрастыру кезінде осы таң баларды қолдануды үйрету; қоршаған ортадағы бейнелерді геометриялық фигуралармен байланыстыру (ұқсату) қабілетін дамыту; «он» саны көлемінде санның құрамын анықтауды үйрету; жиын мен оның құрамы арасындағы қатынастарды анықтау білігін бекіту. Қазақ тілі "Құстар - көктемнің жаршысы". Мақсат-міндеттер: балаларды 8-наурыз мерекесімен ауызша құттықтау ерекшеліктерімен таныстыру; сөйлемдер үлгілері негізінде қазақ тілінде көктем туралы әңгіме құрауға үйрету. Құттықтауды модельдеуге арналған ауызша жаттығу: "Анамды құттықтаймын". Дене тәрбиесі "Бұлттар секілді қалықтаймыз"	"Менің анам" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыруды үйрету. Музыка "Ауылымды сағындым" Мақсат-міндеттер: балаларды қазақи әуенмен таныстыра отырып, музыкаға деген қызығушылығын арттыру; музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру. Халықтық музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Қоршаған әлеммен таныстыру "Көктем мерекесі" Мақсат-міндеттер: балалардың "Халықаралық әйелдер күні" туралы ұғымдарын толықтыру; мерекемен құттықтау түрлерімен таныстырып, құттықтауды өздігінен немесе балалармен бірлесіп құрастыру амалдарын игерту; өз ойын толық жеткізе білуге үйрету.	сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Құрастыру "Үкі - жыртқыш құс" Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберді екі жақтан бүктеп, тіктөртбұрыштардың бұрыштарын қиып, сопақша пішін шығару; шаршыдан шеңбер шығару іскерліктерін жетілдіре отырып үкіні құрастыруды үйрету. Дене тәрбиесі "Шелек ұстап жүгіру" Мақсат-міндеттер: балаларды су құйылған шелекті екі қолына ұстап жүгіруге үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Көркем әдебиет "Абдрахман Асылбектің «Анамның мерекесі» өлеңін жаттау" Мақсат-міндеттері. Балаларды Абдрахман Асылбектің «Анамның мерекесі» атты өлеңімен таныстыра отырып, мазмұнын мәнерлеп жатқа айтуға дағдыландыру; шығарманы мәнерлеп оқу техникасын дамыту; тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіруді жалғастыру; тыныс алу жүйесін, дыбыстық сөйлеу мәдениетін жетілдіру; ой-қиялды жетілдіру;
--	--	---	---	---	---

	денсаулық, оны сақтау туралы түсініктерін кеңейту, өз денсаулығын күте білуге үйрету.	жетілдіру. Тіл дамыту "Менің анам" Мақсат-міндеттер: тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыруды үйрету.	Мақсат-міндеттер: балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден аттап жүруге үйрету. Балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Көркем әдебиет "Қастек Баянбайдың «Әжем туралы әңгіме» өлеңінен (үзінді оқу)" Мақсат-міндеттері. Балаларды Қастек Баянбайдың «Әжем туралы әңгіме» атты шығармасымен таныстыру; мағынасы ұқсас және мәні қарама-қарсы сөздердің мағынасын түсіндіру, оларды сөйлеуде қолдануға машықтандыру; әңгіменің негізгі идеясын түсінуге, салыстыру бейнелеу құралын байқауға үйрету; өз ойларын еркін жеткізуге, ойды дәлелдей алу біліктерін дамыту; еске сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын жетілдіру; үлкенді қадірлеуге, жақынын бағалауға, сыпайылыққа тәрбиелеу, кітапқа құштарлықтарын қолдау.		анаға сүйіспеншілікке, жомарттылыққа тәрбиелеу.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) «Өнегелі тәрбие». Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; киімді, бас киімі, аяқ-киімді өздігінен реттілікпен, ұқыпты киюді қадағалауға, топтастары көмегін сұрауға баулу. «Қауіпсіздік». Балалардың жеке бас қауіпсіздігі және денсаулықты сақтау қауіпсіздігі, табиғатты сақтауға қатысты қарапайым ережелерді қайталау, белгілеу; "дұрыс" не "дұрыс емес" үшін жауапкершілікті сезіне білуге көмектесу; зеректікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелерін бекіту.				
Серуен	Мұз сүңгісін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. "Өлі табиғат" ұғымын тиянақтау (су, ауа, мұз сүңгілері); мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Құбылыстың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қорытынды жасай білуге үйрету. Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (Мұз) Бақылау. Табиғат өзгерістерін бақылауды жалғастыру, қар ерігенде төбеден су тамшылап, аязбен ол сүңгіге айналды. Сүңгінің түр-түсіне назар аудару. Көшеде жүру ережелерін пысықтау (мұз сүңгілері бар үйлердің жанында жүрме). Тәжірибе: мұз сүңгісін қолда ұстау, бақылау, түрін, түсін анықтау. Қорытынды: мұз сүңгі - бұл қатқан су, күн жылы болғанда ериді. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек	Қар суын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын тиянақтау (су, ауа, мұз сүңгілері, қар); мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Құбылыстың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Жұмбақ. Жатты да жатты, Жылғаға жаратты. (Қардың еруі) Қар қалыңдығының өзгеруіне назар аудару. Күннің қыздыруымен қардың жұқа жері еріп, қар суына айналады. Қар суы күннің жарқырап тұрғанында және қыздырған жерінде пайда болады. Қар астынан пайда болған алғашқы көк шөпке назар аудару, көктемнің сұлулығына қызығушылығын арттыру. Қасым Аманжолов "Көктем" Сансыз көкек сұңқылдап, Көктем келді ертелеп, Нәзік үнмен сыңқылдап, Бұйра бұлақ еркелеп.	Маусымдық өзгерістерді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Маусымдық өзгерістерді бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау. Қыстың соңында табиғатта қандай өзгерістер болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Жер тәуелді күн-патшайымына, Адам, аң, құс қуанады күннің әрдайымына. Жер бетіндегі тіршілік мәңгі байланысты Оттай күннің әсерлі салмағына. Жасасын күннің ғажайып жарығы! Жасасың Күн мен Жердің мәңгі татулығы! (Д.Ахметова) «Өнегелі тәрбие».	«Қауіпсіздік». «Өнегелі тәрбие». Итті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Жануарлардың сыртқы түр-түсі, мінез-құлық ерекшеліктері туралы білімдерін дамыту; жануарлардың тіршілігіне қызығушылықты, оларға сүйіспеншілікті, қиын жағдайларда көмек көрсетуге ықыласты тәрбиелеу. Халық ауыз әдебиеті үлгілерімен таныстырып, мән-мағынасын түсінуге, есте сақтауға, сөйлеуде қолдануға көмектесу. Иттің құны – бір күшік. Итін жамандасан, Иесіне тиеді. Иттің жатқан жері – төсегі. Ит арық болса Ауылдың намысы. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдарды сыпырғышпен сыпыру. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жұмыс тапсырмаларын жауапкершілікпен орындауға	Бұлттарды бақылау. (экологиялық тәрбие, қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. "Өлі табиғат" ұғымын тиянақтау (ауа, бұлт, жел). Балаларға аспандағы бұлттарды байқауды және күн райының құбылуын бақылауға дағдыландыру. Ой-қиялын дамыту. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру, толық жауап беруге ынталандыру. Қ. Мырза Әли «Аспанда» Аспан малға толып кетті – Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен қоректендіру.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстарды қоректендіруге ынталандыру, қамқорлыққа баулу. Құстарға жақындамай, қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. «Қауіпсіздік». "Үшінші артық" қимыл-қозғалыс ойыны.

	тапсырмалары (құстарды нан үгіндісімен коректендіру.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстарды коректендіруге ынталандыру, қамқорлыққа баулу. Құстарға жақындамай, қауіпсіздікті сақтауды қадағалау. «Қоймадағы тышқандар» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. белгі бойынша жалтарып жүгіруді желітдіру. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Бәйге" қазақ халқының қимылды ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Қимыл дағдыларын (жылдамдықпен жүгіру) жетілдіру, шыдамдылыққа, мақсатшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. «Жоғары лақтыр» қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты жоғары лақтыру және екі	Асау өзен арқырап, Асқар таудан дүркіреп, Айдын жатыр жарқырап, Алды дала бір түлеп. Көкте бұлттар күркіреп, Жерге төкті өрмегін. Жауды жаңбыр сіркіреп, Мейірленіп жерге күн. «Өнегелі тәрбие». «Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: жолдағы қарды тазарту. (танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. "Жалаушаға дейін кім бірініші жүгіреді?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі). Мақсат-міндеттері. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда меңгерген қимыл дағдыларын (жүгіру, секіру) жетілдіру. Эстафеталар реті: жүгіру, екі аяқпен алға секіру, кедергілерден аттап секіріп жүгіру. «Ордағы қасқыр» қимыл-	«Қауіпсіздік». Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: учаскедегі жолдарды қоқыстан тазарту. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Еңбексүйгіштікке, көпшіл болуға тәрбиелеу, бірігіп жұмыс істеуге үйрету. "Кім жылдам?" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Балаларды жарыс элементтері бар ойындарға қатысуға баулу. Жүгіру қимылын жетілдіру, жылдамдықты дамыту; кедергіден оңай өтуге үйретуді жалғастыру. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Бөрік-телпек» (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балалардың затты (доптар немес қапшықтар) алысқа лақтыра білу дағдыларын дамыту, күшін, ептілігін, дәлдігін және достық қарым-қатынасын қалыптастыру; ережелерді орындай білу қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Жұбынды тап". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Ынта мен шығармашылық таныта	жаттықтыру, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге баулу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. "Балықшылар мен балықтар". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ойын шарты бойынша жалтарып, қимылдарды үйлестіріп, бір-біріне соқтықпай жүгіруге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту. Жылдамдыққа, белсенділікке, шапшаңдыққа баулу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. Санамақты қолдану. "Кілттер" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: секіру (бір аяғымен), шектеулі жерде кеңістікті бағдарлау қабілеттерін жетілдіру; дәлдікті дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Қазан». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды қазақ ұлттық ойындарға бейімдеу, қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға ынталандыру; дәлдікке, ептілікке тәрбиелеу. Құралдар: асықтар, шеңбер. Қауіпсіздік. Ойында қауіпсіздік ережелерін қадағалау.	(дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Ынтаны таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлай білуді, дене үйлесімдігін, жылдамдықты, ептілікті, шапшаңдықты дамыту. Зеректікке тәрбиелеу. Ойында қауіпсіздікті қадағалау. «Ордағы қасқыр» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды бастамашылдық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуді жалғастыру; ойын ережелеріне бағына білу дағдыларын дамыту. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, қолды сермеп, екпінді аяқпен жерден қуатты итеріле білуді, жерге тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету. Шапшаңдықты, батылдықты тәрбиелеу. Қауіпсіздікті ескеру. «Жоғары лақтыр» қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу дағдыларын қалыптастыру; дербестік танытуға баулу; физикалық қасиеттерді: икемділікті, ептілікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Секіру техникасын жетілдіру (ұзын
--	--	---	--	--	--

	қолымен қағып алу дағдыларын қалыптастыру; дербестік танытуға баулу; физикалық қасиеттерді: икемділікті, ептілікті дамыту. Өз бетімен ойындар: Сүйікті ойыншықтармен ойын. Балалардың сүйікті ойыншықтарымен көңілді ойнауын қадағалау. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыпты болып, жанашырлықпен қарап әрекет етуге тәрбиелеу.	қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері: Балаларды бастамашылдық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға үйретуді жалғастыру; ойын ережелеріне бағына білу дағдыларын дамыту. Балалардың меңгерген қимылдық дағдыларын жетілдіру; жүгірумен екпін алып, серпілу арқылы ұзындыққа секіруді, қолды сермеп, екпінді аяқпен жерден қуатты итеріле білуді, жерге тепе-теңдікті сақтап, екі аяққа қонуды үйрету. Шапшаңдықты, батылдықты тәрбиелеу. Қауіпсіздікті ескеру. Өз бетімен ойындар. Қар бетіне сурет салу. (шығармашылық іс-әрекеті) Балаларды жерге қардың бетіне сурет салуға тарту, қызығушылықтарын артыру. Өзіндік талабын мадақтау.	отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлауды, зейінді, физикалық қасиеттерді (жылдамдықты, икемділікті, ептілікті) дамыту. Ойын шартын ұстануды бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: бір орында жоғары секіру. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Секіру қабілетін дамыту, күшін жылдамдықпен үйлестіру.	Өзіндік еркін ойын әрекеттері: қозғалыстарды дамыту. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: секіру техникасын жетілдіру. (ұзын арқанмен жаттығулар)	арқанмен жаттығулар).
Серуеннен оралу	(мәдени-гигиеналық дағдылар, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, бетті, қолды жуу, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. «Үнемді пайдалану». Жуытуда судың мөлшерін ұқыпты, үнемді пайдалануға дағдыландыру, өз әрекеттерін қадағалауға үйрету. BilimKids дамытушы мультфильмі Ұқыпты Алан https://youtu.be/ARxq9eUY6PA				
